

"Банк-клиент" АЖО - "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-ның (бұдан әрі - Орталық депозитарий) ағымдағы шот шартының аясындағы депонентпен өзара іс-әрекет жасауға арналған депоненттің қашықтан басқарылатын автоматтандырылған жұмыс орны.

"Банк-клиент" АЖО функциялары:

- Орталық депозитарийде банктік шоттардан ақшаны шығынға жазуға төлем тапсырмаларын қалыптастыру;
- Орталық депозитарийде банктік шоттардан ақшаны шығынға жазуға валюталық аударымдарды жасау;
- Орталық депозитарийде кейіннен жөнелту үшін құрылған құжаттарды тексеру;
- мүдделі пайдаланушыға күні мен уақытын көрсетіп шоттарының жай-күйі туралы сұратуларды жасау;
- төлем тапсырмаларының мұрағатын сақтау, шоттар бойынша операциялар мен үзінді жазбалардың есептері;
- мұрағаттағы құжаттарды және оның мөрін қарау;
- Орталық депозитариймен электронды хаттарымен алмасу;
- Орталық депозитарийде ашылған банктік шоттарының ағымдағы жағдайын көрсету;

Орталық депозитариймен депоненттің өзара іс-әрекеті электрондық құжат айналымы арқылы жүргізіледі. Орталық депозитарийдегі электрондық құжат айналымы «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкаралық есептеулерінің қазақстандық орталығы» РМК ұсынатын ФАСТИ-2 ақпаратты тасымалдаудың қаржылық автоматтандырылған жүйесі арқылы жүзеге асырылады. ФАСТИ-2 туралы толық ақпарат «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкаралық есептеулерінің қазақстандық орталығы» РМК-нің <http://www.kisc.kz/fasti2/index.html> сайтында орналастырылды.

Электрондық құжат алмасу "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 07 қаңтардағы № 370-ІІ Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

"Банк-клиент" АЖО пайдалану үшін депонентке мыналар қажет:

- ФАСТИ-2 қосылу. ФАСТИ-2 қосылу ресімі туралы толық ақпарат мына адресте <http://www.kisc.kz/fasti2/migration.html> орналастырылды.
- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және ілеспе қызмет көрсету құқығын беру үшін "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-мен шарт жасасуға өтінішті беру. "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және оған ілеспе қызмет көрсету құқығына шарт жасасуға өтініш мына адрес бойынша орналастырылды: http://www.kacd/kz/ru/mormative_base/other_internal_documents/actual.

-
- "Банк-клиент" АЖО орнату.
- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және оған ілеспе қызмет көрсету құқығын беру үшін шартты "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-мен жасасуға өтінішті толтыру мәселелері бойынша Орталық депозитарийдің Заң бөліміне мына 266-95-15 телефоны, ішкі нөмір 128, 106 немесе urist@csdks электрондық почтасына хабарласуыңызға болады.

"Депонент" АЖО бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату мәселелері бойынша Орталық депозитарийдің Ақпараттық жүйелерді әзірлеу бөліміне мына 266-95-14 телефоны, ішкі нөмір 151, 105 немесе support@csd электрондық почтасына хабарласуыңызға болады.